



Облыстық мәслихаттың экономика және бюджет бойынша тұрақты комиссияның төрағасы Қазыбай БОЗЫМОВ:

және қайта даярлау курстарынан өтті.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарын тәмамдаған түлектердің жұмысқа орналасуына зор мүмкіндік беретін «Жастар практикасы» бағдарламасы өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Өткен жылы аталмыш бағдарлама аясында 2500 түлек еңбек нарығына араласуға жолдама алды.

Ақы төленетін қоғамдық жұмыстарға бағытталған 8,6 мың адамның 80,7 пайызы ауыл тұрғындары. Жергілікті кадрлардың өндірісте біржола тұрақтауын қамтамасыз ету мақсатында жұмыссыздар үшін 2950 әлеуметтік жұмыс орны ашылды.

Ауыл шаруашылығын өркендетуге де мемлекет тарапынан

рігерлерге деген сұраныс жыл санап азайып келеді. Әрі медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыруға да айрықша көңіл бөлініп, 2012 жылы 3079 адам білім-білігін жетілдіру курстарында оқып келді. Жалпы, аудан-ауылдарды мұғалімдермен, мәдениет және әлеуметтік сала қызметкерлерімен қамту да жақсара түсті.

- Соңғы кездері жоғары оқу орындарын оңтайландыру қарқын алған түрі бар. Осы мәселеге қатысты өрі депутат, әрі тәжірибелі ректор ретінде сіздің пікіріңізді білсек деп едік?

- Бұл тақырыпты сөз еткенде басы ашық бір мәселе, тіл-

2014 жылдары 16 мың адамды құрайды. Демек, жастар мамандық таңдау барысында отандық еңбек нарығының ағымдағы және болашақтағы сұранысын мықтап елеп-екшеуі тиіс.

- Қазыбай Қараұлы, өзіңіз біраз жылдан бері басқаратын Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетінің ашылғанына биыл 50 жыл толатыны мәлім. Ал түлектеріңізге сұраныс қалай?

- Түлектердің мамандығы бойынша қызмет табуы, жұмысқа орналасуы, сөз жоқ, маңызды мәселе. Мәліметтерді саралау көрсетіп отырғандай, біздің университет бойынша былтырғы

мен кездесулер жыл сайын өткізіледі. Бүгінде біз әр түрлі меншік түріндегі 200-ден астам мекеме-кәсіпорынмен, соның ішінде 20 шетелдік компаниямен ынтымақтаса жұмыс істеудеміз. Осының бәрі көптеген түлектердің диплом алғанға дейін-ақ болашақ қызмет орнын айқындауына мүмкіндік береді.

- Қазіргідей ғаламдану дәуірінде Батыс Қазақстан агротехникалық университетінің отандық және шетелдік білім ордаларымен байланысы жөнінде не айтар едіңіз?

- «Ғылым туралы» жаңа заң инновациялық технологияларды өндіріске енгізуге тың серпін берді. Соның ішінде шетелдік

«Жүзеге асқан жобалардың арқасында

2 мыңнан астам жұмыс орны ашылды»

- Қазыбай Қараұлы, облыстық мәслихаттың жуырда өткен сессиясында экономика және бюджет бойынша тұрақты комиссияның төрағасы ретінде берген есебіңізде сіз біздің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында атқарылған ауқымды жұмыстар туралы баяндадыңыз. Әрине, оның барлығын бірдей бүгінгі сұхбат аясында тізіп шығу мүмкін емес. Дегенмен депутат ретінде облысымызда жаңа жұмыс орындарын ашу және жас мамандарды жұмыспен қамту бойынша жүзеге асып жатқан бюджеттік қолдау шараларына кеңірек тоқталсаңыз.

- Экономика мен бюджет бойынша тұрақты комиссияның басты міндеті биліктің атқару

баса назар аударылуда. Еліміздегі мал басын көбейтуге «Сыбаға» бағдарламасының ықпалы зор екендігін атап өткен орынды. Сонымен қатар үкімет бекіткен «Агробизнес – 2020» бағдарламасына да артылар үміт мол.

- Енді әңгімеіміздің бағытын білім беру жүйесін жетілдіру, ғылымды дамыту және жас таланттарға қолдау мәселелеріне қарай бұрсақ...

- Ел келешегінің білімді ұрпақтың қолында екендігін жиі айтатын Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиясында да «Қазақстанда адами капиталдың сапасының артуы - ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтау саласына байланысты» деп білім беру сала-

ге тиек болып отырған оңтайландырудың басты мақсаты – ЖОО-лардағы білім беру сапасын жақсарту. Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов алқалы жиындарда бұл туралы бірнеше мәрте айтып, мамандар даярлау барысында сапамен сұранысқа баса назар аудару қажеттігін қатаң талап етуде. Оңтайландыру кейбір ЖОО-ларды жауып, олардың санын жалпы қысқарту түрінде емес, оларды ірілендіру, біріктіру арқылы ЖОО-лардың ғылыми және материалдық-техникалық әлеуетін нығайту негізінде жүргізілмек. Сонымен қатар Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі жанынан ЖОО-ларды оңтайландыру бойынша республикалық қоғамдық кеңес құрылды. Бұл оңтайландырудың жариялылығы мен оған қоғамдық

түлектердің 75,7%-ы қызметке тұрып, жұмыспен қамтылған.

Агросектор мамандарына сұраныстың жыл санап артуы бізді, әрине, қуантады. Мысалы, өткен жылы «Ветеринария» бағытында білім алған түлектердің 84 пайызы, «Ауыл шаруашылығы ғылымдары» бағытындағы түлектердің 76,2%-ы жұмыспен қамтылған. Аудандардағы ветеринарлық зертханалардың жұмысы уақыт өткен сайын жандана түсуде. «Білім беру туралы» заңға енгізілген өзгертуге сәйкес енді «ауылдық квота» аясында ветеринарлық мамандықтар бойынша білім алған мамандар ЖОО-ны бітіргеннен кейін кемі үш жыл ветеринариялық мемлекеттік мекемелерде немесе ауылдық жерлердегі мемлекеттік ветеринарлық нысандарда қызмет істеуі

мамандарды да қатыстыра отырып, жұмыс істеуге кең жол ашып отыр. Мысалы, Сербия ұлттық топырақтану институтындағы әріптестеріміз «Жайық өңірінің құрғақ далалық аймағындағы тыңайған топырақтың құнарлылығы және оны қалпына келтіру жолдары» жобасының кеңесшілері болып табылады. «Батыс Қазақстанның топырағының экономикалық жай-күйін бағалауда қазіргі заманғы метагеномика әдістерін пайдалану» жобасын ресейлік әріптестерімізбен бірге жүзеге асырудамыз.

Республика бойынша 5 ұлттық, 15 университет жанындағы инженерлік бейіндегі зертханалар құрылып, жұмыс істеуде. Солардың біреуі – біздің университетімізде. Зертхана әр түрлі бағыттар, соның ішінде

құрылымдарымен бірлесі отырып, экономика және бюджетті жоспарлау саласы бойынша бірегей мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға ықпал ету. Бұл орайда комиссия Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында белгіленген мақсат-міндеттерді басшылыққа алады. Ұлт көшбасшысының тапсырмаларын жүзеге асырудың экономика-қаржылық тетігі барлық маңызды бағыттары келісілген бюджет болып табылады.

2012 жылы «Жол картасы – 2020» бағдарламасының аясында жеке кәсіпкерлікті қолдауға 797,4 млн. теңге, өндірістік инфрақұрылымдарды дамытуға 410,6 млн. теңге бөлінген болатын. Олардың игерілу көрсеткіштері тиісінше 100% және 99,9 пайызды құрады. Облыс бойынша қолға алынған 107 жобаның жалпы құны 14,2 млрд. теңгені құрап, жүзеге асқан жоба-жоспарлардың арқасында 2000-нан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар өткен жылы облыс аумағында «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының «Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту» деп аталатын екінші бағыты бойынша 2301 адам кәсіби біліктілігін арттыру, жаңа мамандыққа оқыту

сына дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне халықтың назарын аударып келеді.

Елімізде жүзеге асырылып жатқан білім беру жүйесін жаңғыртудың аясында оқу үдерісіне заманауи әдістеме мен технологиялар енгізу мақсатында облыста «Физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебі» пайдалануға берілді. Мұнда қазіргі таңда 483 оқушы білім алуда, осы білім ошағына қатысты 120 шәкірт өз қалауы бойынша интернатпен қамтылған.

Көп тілді меңгеру мәселелеріне де баса көңіл бөлінуде. 2012 жылы облыс бюджетінен мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының тілдерін дамытуға 63,1 млн. теңге, жастар саясаты саласындағы шараларды жүзеге асыруға 53,9 млн. теңге бөлінді. Мемлекет тарапынан жүйелі түрде ғылымның дамуына және ғалымдарды қолдау шараларының жүзеге асырылуы өз жемісін бере бастады. Біздің облыс аумағында индустрияландыру картасы бойынша жалпы мөлшері 256 млрд. теңгені құрайтын 33 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Облыс әкімдігі мен депутаттардың қолдауының арқасында жас мамандарды баспанамен қамту және қаржылай қолдау мәселесі де оң шешімін табуда. Соның нәтижесінде өңірде дә-

бақылауды қамтамасыз ету үшін қажет.

Сонымен, ЖОО-лар желісін оңтайландыру тетігі іске қосылды. Маған мәлім мәлімет бойынша бүгінгі таңда республика аумағында жоғары білім беру миссиясын 134 ЖОО жүзеге асырады екен. Тіпті елдің бір аймағындағы немесе тіпті бір қаладағы көптеген ЖОО-ларда кейбір мамандар сапа мен сұраныс ескерілмей үсті-үстіне даярлануда. Мысалы, экономика және бизнес мамандықтары бойынша маман даярлауды 110 ЖОО, құқық мамандықтары бойынша 63 ЖОО жүргізетін көрінеді. Мұндай олқылықтарға мемлекеттікке қарағанда, жеке жоғары оқу орындары жиірек жол беруде. Тағы бір мысал, ресми мәліметтер бойынша, биылғы жылы қазақстандық жоғары оқу орындарын 170 906 түлек бітіріп, қолдарына дипломдарын алмақ. Міне, осы қарайған маманның басым бөлігі әлеуметтік салаларға тиесілі. Ал бүгіндері техникалық сипаттағы мамандарға сұраныс жоғары. Әсіресе, ауылдық жерлерде, елдің қазіргі экономикалық жағдайында инженерлер, өндіріс секторының мамандары жетіспейді. Тек қана үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті жоғары білімді кадрларға деген сұраныс 2010-

шарт.

Облысымызда осыдан бірер жыл бұрын диірмен кешені, май өңдеу зауыты іске қосылғаны мәлім. Мал бордақылау кешендері шаруаларын жүйелеп, қанат жайып келеді. Мұның бәрі, сөз жоқ, аграрлық сала мамандарының алдынан кең жол ашады. БҚАТУ-дың түлектері тек біздің облыс аумағында ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де сұранысқа ие. Мысалы, жыл сайын бізге Ақтөбе, Атырау және Маңғыстау облыстарынан агрономдарға, мал дәрігерлеріне, зоотехниктер мен агроинженерлерге сұраныстар түседі.

Техникалық бағыттағы біздің түлектердің қызметпен қамтылуы 76%-ды құрайды. Бұған Орал өңірінің және көрші облыстардың ірі мұнай-газ кен орындарына жомарттығы игі әсер етіп отыр. Сөйте тұра, біздің өңірде озық технологияларға негізделген жаңа қондырғыларда жұмыс істей алатын сауатты мамандардың тапшылығы әлі де сезіледі. Ал экологтарды, жерге орналастырушыларды, педагогтар мен қаржыгерлерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші 2012 жылы 74,8-78,6 пайызды құрады.

Университетті бітіретін түлектер үшін мансап күндері, бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі, болашақ жұмыс берушілер-

ветеринария, өсімдік шаруашылығы, микробиология, өсімдіктердің жасушалық құрылымы бойынша зерттеулерді жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Қазіргі кезде 30-дан астам жоба бойынша жұмыстанудамыз. Соңғы үш жылдың өзінде біздің ғалымдарымыз бірқатар табыстарға қол жеткізіп, селекциялық жетістіктер үшін 8 патент және өнертапқыштық бағытындағы 15 инновациялық патент алды.

Таяуда Астанада өткен өнертапқыштық саласындағы жетістіктердің «Шапағат – 2013» республикалық байқауында біздің ғалымдардың «Көбікті шыны дайындау тәсілі» атты ғылыми жобасы «Жылдың ең үздік өнертабысы» аталымына ие болды. Жаңа жылу өткізгіш технологиясы бойынша дайындалған экологиялық жағынан таза, берік, сапалы, отқа жанбайтын, су өткізбейтін, жылу өткізу қабілеті жоғары, ұзақ мерзімге қызмет ететін бұл бірегей материал – көбікті шыны «ЭКСПО-2017» көрмесіне таяу болашақта жоғары сұранысқа ие болуы тиіс материал ретінде ұсынылды.

Күні кеше ғана Орал қаласында өткен «Инновациялық форсаж – 2013» республикалық көрмесіне де біздің ғалымдардың 5 жобасы ұсынылды.

Орал өңірі

31 мамыр - 1 маусым аралығында университетте өткен «Ғылымдағы заманауи интеграциялық басымдықтар: зерттеуден инновацияға дейін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысушылармен осы тәжірибелерімізбен бөлістік. Конференцияның жұмысына Қазақстанның, алыс және жақын шетелдің ғалымдары қатысты. Онда бәсекеге қабілеттілікті арттыру механизмдері, ғылыми зерттеулерді коммерциялау және өндіріске енгізу мәселелері ортаға салынып, талқыланды. Біздің бекіре тұқымдас балықтарды жасанды жолмен өсіру, құрылыс материалдарын өндіру, тағы басқа бағыттар бойынша қолға алған жобаларымыз келген қонақтардың зор қызығушылығын туғызды.

Бүгінгі таңда білім беру мекемесі үшін халықаралық талаптарға сай болу аса маңызды. Бұл талаптар Болон процесінің тұжырымдамасында нақты көрсетілген. Біз білім беру бағдарламаларын еуропалық стандарттарға сәйкестендіріп өзгертудеміз. Маңызды басымдықтар қатарында академиялық ұтқырлық пен халықаралық ынтымақтастықты да атай аламыз. Біздің университет Нидерланды, Австрия, Германия, Чехия, Швеция, Сербия, Румыния, Қытай, Испания, Словакия, Латвия, Беларусь, Ресей ЖОО-ларымен өзара ынтымақтастық туралы 20-дан астам келісім жасасты. Қазақстандық ЖОО-лар арасындағы әріптестер саны да бұдан көп болмаса, аз емес. Соңғы екі жыл ішінде шетелде

біздің жүзден астам студенттеріміз бен магистранттарымыз оқып келді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша біраз шетелдік студент БҚАТУ-да білім-білігін жетілдіруде. Заманауи оқыту технологияларын енгізу, тәжірибе алмасу мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен 2012-2013 жылдары біздің университетке шалғай және таяу шетелдерден 15 ғалым келіп кетті.

Біздің университет өңірімізде алғашқы боп көп тілді білім беруді енгізуді қолға алды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін үйрету көп деңгейлі оқыту әдісі арқылы жүргізілуде. Көптілді білім берудің арнайы бағдарламасын жүзеге асыру бойынша үйлестіру орталығы құрылды. Материалдық-техникалық базаны, мультимедиялық және компьютерлік сыныптарды жаңартуға баса назар аударудамыз. Машина жасау және экономика факультеттерінде, сондай-ақ химиялық технологиялар мамандықтарында сабақтар үш тілде жүргізілуде. Алдағы оқу жылынан бастап кәсіби бағытталған тілдерді терең оқып-меңгеру барлық мамандықтар студенттері үшін міндетті болмақ. Бұл үшін оқытушыларымыз өз елімізге қоса, шет елдерде де тағылымдамадан өтуде.

**Сұхбаттасқан Бауыржан
ФАЙЗОЛЛАҰЛЫ,
«Орал өңірі»**